

Алға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 196 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Алға аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 26 қыркүйекте № 3-3-180 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

К. Байгазин

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

Б. Жұмабаев

Алға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12
қыркүйектегі
№ 196 шешіміне қосымша

Алға аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған актілерінің тізбесі:

1. Алға аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 6 "Алға ауданы бойынша және Алға қаласында салық салу мен сату мақсатында жерді аймақтарға бөлу жер салығының базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-80 болып тіркелген (2009 жылғы 2 маусымдағы № 25 аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Алға аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 қазандағы № 5 "Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 6 "Алға ауданы бойынша және Алға қаласында салық салу мен сату мақсатында жерді аймақтарға бөлу сызбасын (схемасын) бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-92 болып тіркелген (2009 жылғы 24 қарашадағы № 48 аудандық "Жұлдыз Звезда" газетінде жарияланған) шешімі;

3. Алға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 01 наурыздағы № 152 "Алға ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-150 тіркелген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 2 сәуірде жарияланған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ